

Кепілдік міндеттемелері

REACTION самокаттарының барлық модельдері үшін сатылған күннен бастап 2 жыл бойы өндірістік ақауларға (материалдар немесе жинау зақымдары) кепілдік беріледі.

Бұл кепілдік тұтас самокатқа емес, тек ақаулы құрамбөліктерге қолданылады.

Кепілді жөндеу фирма шеберханасында тауарды жіберуге арналған шот-фактураны (түбіртек) және осы кепілдік талонын міндетті түрде көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Сервис орталықтарының мекенжайларын Sportmaster компаниясының 8 (800) 777-777-1 бірыңғай анықтамалық нөміріне хабарласу арқылы немесе желі дүкендерінен білуге болады.

Пайдалану кезінде қалыпты тозуға ұшырайтын самокаттың барлық конструкция элементтерін (дөңгелектер, мойынтіректер, грипстер, тежегіш қанаттар, тежегіш дискілер, тежегіш қалыптар, тежегіштің жіңішке сымарқандары, түрпі қағаздар, декаларға резеңке жабыстырмалар) кепілді жөндеу тек мына жағдайларда ғана жүзеге асырылуы мүмкін:

1. пайдалану шарттарын сақтау;
2. кепілдік шеберханасының қызметкерлері конструкция элементінің зауыттық ақау фактісін анықтағаннан кейін.

Бұл кепілдік тек уәкілетті REACTION сату дистрибьюторынан сатып алынған самокаттарға қолданылады.

Бұл кепілдік сатып алушының сатылған тауарлардың ақауларына кепілдік шарттарынан туындайтын құқықтарын жоққа шығармайды, шектемейді және тоқтатпайды.

Самокат қалада серуендеуге және жүруге арналған.

Бұйымның қызмет мерзімі және сақтау шарттары: белгіленбеген.

Кепілдік шеберханасының мәлімделген ақаулардың жарамдылығы туралы шешімі түпкілікті болып табылады.

Сату күні _____ 20__ ж.

Жүкқұжат [чек] № _____

Кепілдік бойынша қызмет көрсету шарттарымен таныспын: _____
[қолтаңба]

Менеджер: _____
[тегі]